Казахстан первым на постсоветском пространстве перешел на принятую в мире трехступенчатую подготовку в вузах бакалавров, магистров и докторов философии (PhD). К сегодняшнему дню практически все вузы Казахстана выпу-

скают специалистов по двум из этих ступеней. В 22-х университетах осваивается третья ступень — подготовка докторов философии.



Следующее ключевое направление модернизации системы высшего образования РК — переход на кредитную технологию обучения, на основе которой развивается академическая мобильность. Она дает возможность студентам, магистрантам и докторантам осваивать учебные курсы не в одном, а в разных вузах, зачастую даже в разных странах.

Ведущие университеты Казахстана начали международную сертификацию и аккредитацию учебных программ, которая стала важным инструментом повышения качества обучения и принципиальным шагом к европейскому качеству.

Таким образом, успехи Казахстана в развитии системы высшего образования несомненны и признаны международным сообществом. И можно говорить, что в этом процессе

наша страна продвинулась, существенно опережая другие государства СНГ, включая Россию.

В то же время, современное образование во всем мире находится в состоянии динамичного развития. Сегодня в мире проявляется стремление к интеграции разных типов высших учебных заведений под эгидой классического университета в научно-образовательные мегаполисы континентального, межрегионального и государственного значения. В разных странах наблюдается объединение университетов с промышленными комплексами. Тем самым формируется база для научных изысканий и подготовки современных уникальных специалистов.

Реалии XXI века также повысили значение глобального контекста и вызвали к жизни международные рейтинги. Все это привело к нарастанию конкуренции в университетской среде. В числе других глобальных тенденций в высшем образовании можно перечислить усиливающуюся международную мобильность студентов.

Возрастает значение обеспечения качества, при этом все больший акцент делается на «результаты» высшего образования. Значимой тенденцией является также формирование исследовательской среды, при которой ведущие мировые университеты находятся на вершине академической системы и непосредственно участвуют в глобальной сети знаний.

Все перечисленные выше процессы не могут не влиять и на развитие национальных образовательных систем. Тенденция глобализации образования в значительной степени предопределяет траекторию дальнейшего развития образования в любой стране, в том числе и в Казахстане [3].


В этой связи следует отметить, что к числу наиболее принципиальных системных инициатив относится масштабная идея Президента нашей страны о формировании в Казахстане интеллектуальной нации. Можно с уверенностью

сказать, что такой постановки задачи еще не было в истории Казахстана.

Нурсултан Назарбаев сформулировал три главных аспекта формирования интеллектуальной нации — это прорыв в образовании, развитие науки и системы инноваций. Они вместе являются важнейшими составляющими человеческого капитала, и во всех этих сферах идет институциональная модернизация.

Надо отметить, что юбилейный год нашей Независимости стал началом кардинально нового этапа развития казахстанского образования и науки.

Принята новая Государственная программа развития образования на 2011—2020 годы, в которой поставлен целый ряд новых задач и ориентиров.



Точкой роста в высшем образовании стал Назарбаев Университет. Он функционирует во взаимодействии с лучшими университетами мира, привлечены видные зарубежные ученые и профессора. В нем апробируются самые современные

методы обучения, исследований и их трансферта в экономику, и этот опыт будет транслирован в другие вузы страны.

Серьезные изменения внесены в Закон «Об образовании».

В высшей школе вводится новая классификация вузов. При этом для каждого уровня новой классификации формируются критерии, аналогичные мировой практике. И вузы, не соответствующие этим критериям будут понижаться в категории и, в конечном счете, объективно уходить из рынка образовательных услуг данного уровня.

Законодательно обеспечена академическая мобильность обучающихся и профессорско-преподавательского состава вузов. Уже сегодня введен механизм государственной поддержки внутренней и внешней академической мобильности студентов. Вузы получили на это серьезные бюджетные средства.

Предусмотрен особый статус организации образования, предоставляющий возможность самостоятельного определения порядка приема на обучение, реализации самостоятельно разработанных учебных программ, использования собственных норм и нормативов в учебной, научной и методической деятельности. Это является важным шагом к академической свободе, присущей лучшим университетам планеты.

Принят новый Закон о науке, в котором введена по-настоящему революционная модель управления исследованиями. Данный закон кардинально изменил базовые принципы взаимоотношения государства и науки, значительно усилил роль ученых страны.

В соответствии с новыми законами о науке и об образовании в Казахстане будет создана сеть исследовательских университетов, ориентированных на инновационную деятельность. По пути создания таких университетов сейчас продвигаются Россия и Китай. И для Казахстана это на самом деле — системный прорыв в преодолении чуть ли не вековой недоброй традиции разделения сфер образования и науки.

Таким образом, все вышеперечисленные реформы призваны способствовать реальному вкладу вузов в инновационное развитие страны и подготовку молодых инноваторов.

Фактически сегодня сфера образования и науки Казахстана вышла на очень важный рубеж, за которым они приобретут совершенно новое качество.

Выступая 1 декабря этого года на Форуме ученых Казахстана Президент страны сказал: «Мы готовим Казахстан к решающему следующему двадцатилетнему рывку в новое качественное состояние — в мир высочайших технологий и инноваций».

Предельно ясно, что ответственная миссия в осуществлении этого прорыва отводится, прежде всего, отечественному образованию и науке.

Уважаемые коллеги!

Встречая юбилей Независимости нашей страны, мы подводим черту под определенной исторической вехой развития казахстанского народа. Опираясь на уроки истории, вдумываясь в настоящее, мы надеемся на будущее.

У Казахстана есть все предпосылки, чтобы воплотить дальнейшие планы в жизнь. И прежде всего, это — масштабная личность Главы государства, четко выверенный стратегический курс и твердая вера казахстанцев в лучшее будущее страны!

Пользуясь случаем, разрешите поздравить всех участников конференции со славной датой — 20-летием Независимости Казахстана и от чистого сердца пожелать вам здоровья, благополучия, профессиональных успехов и новых ярких достижений на благо Казахстана!

Благодарю за внимание!

Литература

1. Национальный доклад о состоянии и развитии образования в Республике Казахстан. — Астана, 2010.- 359 с.
2. Асылбаев Д.С. Развитие высшего образования и этапы формирования управления высшей школой в РК // Вестник КАСУ №4 — 2006. — С. 25-27
3. Выступление Министра образования и науки РК Б.Т.Жумагулова на 20 заседании Совета по образованию при Интеграционном комитете ЕврАзЭС. г. Астана, 6 октября 2011 года // <http://www.edu.gov.kz/>

Экономика — Тәуелсіздік дінгегі

Ермекбаева Б.Ж.

1991 жыл — еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 20 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы — қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар.

Тәуелсіздік бізге ешқандай қиындықсыз, өзінен-өзі келе қалды десек, ол артық айтқанымыз болар. Егемендіктің алғашқы жылдарында ең алдымен үлкен ауыртпалық халықтың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайына тікелей қатысты экономика саласының басына түсті.

«Экономика» деген ұғымның өзі — бұл шаруашылық, шаруашылық жағдайындағы ғылым; қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған адамдардың іс-әрекеті. Кеңестік Үкімет құрамындағы Қазақстан экономикалық және әлеуметтік жағынан белгілі бір кезеңдерде, белгілі бір сапалық деңгейге дейін көтеріле алды. Дегенмен, Қазақстан экономикасының дамуы негізінен экстенсивті сипатта болғандықтан, экономиканы интенсивті дамыту, бұл ретте адам факторын пайдалану қажеттігіне көңіл бөлінбеді. Жоспарлы экономика жағдайында, төменгі буынның қажеттіліктері мен инициативасы экономиканы дамытушы фактор ретінде ескерілмеді.

КСРО-ның ыдырауы ең алдымен экономикалық себептерге байланысты оқиға десек, артық айтпаған болармыз.

Алып мемлекет КСРО-ның ыдырауында бұқара көтерілген төңкеріс түгіл, қақтығыста болған жоқ. Тек қана дұрыс басқарылмаған экономика уақыт өткен сайын әлсірей беретін «жазылмайтын ауруға» шалдықты. Қоғамның да, мемлекеттің де дінгегі саналатын экономика тамырынан солып, өмір сүруін тоқтатты. Нәтижесінде тарап кеткен Кеңес одағынан, заман талабынан артта қалған шаруашылық жүйесі еншімізге тиді. Одақтас Республикалармен қалыптасқан қатынас үзіліп, экономика саласында тек бізге ғана қатысты емес, басқаларға да күйреу қауіпі туды. Қазақстан экономикасының бір қоғамнан екінші қоғамға ауысуы аса шиеленісті жағдайда өтуімен ерекшеленеді. Нарық экономикасы бізге жат құбылыс, оның жәй-жапсарын, жұмыс істеу тетіктерімен құралдарын білетін мамандар да болмады, жалпы халық та экономика саласындағы түбегейлі жаңалыққа түсініксіздікпен және кейбір сенімсіздікпен қараған болатын.

Осы жағдайды тұңғыш Президентіміз терең түсініп, еліміздегі сан алуан реформалардың ішінде бірінші басымдық осы экономика саласында деген түйінін халыққа жария етті. «Алдымен экономика сосын саясат» айдарымен алысты көздеген Президенттің стратегиялық тұжырымдамасы дүниеге келді. Оны орындау мақсатында тиянақты іс-шаралар жүзеге асырыла бастады. Осы мақсатпен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Президенттің заңдық күші бар 140-тан астам Жарлығы жарияланды. Олар экономика саласында реформалардың елімізде екпінді жүруіне негіз салды. Реформалардың заман талабына сәйкес нормативтік-құқықтық базасын қалыптастырды. Нәтижесінде реформалардың қарқыны жағынан бұрынғы Кеңес одағында болған әріптестеріміздің алдына шықтық. Қазақстан реформаларды табандылықпен жүргізіп жатқан ел екенін шетел басшылары мен мамандары айта бастады.

Елбасының көрегенділігі арқасында экономиканың «Қан тамыры» болып саналатын қаржы жүйесінде түбірлі өзгерістер болды. Қазақстан тәуелсіздігінің негізі, қаржылық тәуелсіздік деп айта аламыз. Сондықтан тәуелсіз банк жүйесін құру туралы 1990 жылдың 9-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі қабылдаған «Банктер және банк қызметі туралы КССР заңы». Заң еліміздің Банк жүйесін қалыптастыруды дамытуда үлкен рөл атқарғаны айқын.

Нарықтық экономиканы дамытушы тетіктердің бірі салықтар. Нарықтық қатынаста мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің және жеке тұлғалардың арасындағы қаржылық қатынас салықтар арқылы реттеледі. Нарықтық экономика жағдайында, мемлекеттің орталықтандырылған қаржылық ресурстарының қайнар көзі — салықтар. Міне осы орайда еліміз Тәуелсіздігі жариялана салысымен 1991 жылдың 25-ші желтоқсанында «Қазақстан Республикасы Салық жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлығы қабылданды.

Ұлттық валюта ретінде теңгенің айналымға шығарылуы экономикалық дамудың қозғаушы күші болды.

Қазақстанда кезең-кезеңмен жүзеге асырылған «дағдарысты тоқтату» шаралары 1996 жылы өзінің алғашқы оң нәтижесін берді. Экономиканың тұрақты дамуы арнасына түсіп, инфляцияның тежелуінде Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың қысқа мерзім ішінде барлық жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, қабылдаған заңдары үлкен рөл атқарды. Тағы бір айта кететін маңызды заң — егемендіктің алғашқы жылдарында-ақ қабылданған жекешелендіру туралы заң. Бұл заң, заман талабына сай өмірге келген қажеттілік деуге болады. Қазақстан үшін экономикалық реформалардың алғашқы жылдары үлкен сын сағаты болды. Президент Н. Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде елдің

рухы, қажыр-қайраты сынға түскен кезеңнің қиындығын, өзінің сол кезеңдегі күмәні мен үмітін жан-жақты баяндайды.

Реформалардың тетіктері жасалып, инфрақұрылымдары дамып, экономиканың барлық салаларын қамтығаннан бастап Қазақстанның алдына қойған мақсаты биіктеп, не істесек те әлем деңгейіндегі жетістіктермен салыстырып, оларға жету жолдарын айқындау басталды. Осы үрдіс Президенттің Қазақстан халқына әр жылдағы арнайы Жолдауынан басталды. Ең алғашқы 1997 жылғы Жолдау Президенттің Қазақстан халқына өзінің «2030 — Стратегиялық даму» бағдарламасын ұсынудан, оны орындаудағы басты мәселелерді айтудан басталып еді.

Мұнан кейінгі жолдаулардың Қазақстан экономикасының заманауи бетпердесін жасауға ерекше маңызы болды. Олар «Қазақстан жолының» өте бір күрделі тармағын дамытуға арналды. 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы экономиканы технологиялық тұрғыдан қайта жарақтандырып, қазақ елін индустриялық қоғам құрып жатқан елдердің санатына қосуды мақсат етті. Қазіргі заман өте тиімді жоғары технологиялардың заманы. Және бұл бұрынғыдай дәстүрлі технологиялар емес, білім мен ғылым жаңалығын барынша мол пайдаланған инновациялық технологиялар. Америка, Батыс Еуропа, Жапония, Оңтүстік Шығыс Азия «жолбарыстары» жылдық ішкі жалпы өнімнің 50-ден 80 пайызына дейін осы инновациялық технологиялар негізінде алады.

Тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде Қазақстан экономикасы бірқатар қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткерді. Аз ғана уақыт ішінде мемлекетіміздің алдына үш дағдарыстың (Кеңес Одағының жүйелік дағдарысы, 1998 жылғы Азиялық дағдарыс, 2007-2008 жылдағы жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс) салдарын еңсеру талабы қойылды. Біз өз ішіміздегі реформаларды сырттағы ешбір елдерге,

ешбір жағдайға алаңдамай дамытып, кеткен олқылық-тарды түзетіп, ілгері жылжуға мүмкіндік алдық. Қазақстанның әлем өркениетінің жолымен жүре бастаған ел екеніне көзі жеткен мемлекеттер, қаржылық қорлар, трансұлттық компаниялар бізге молынан инвестиция құя бастады. Сол алғашқы онжылдықта бұрынғы кеңестік республикалардың ішінде шетел инвестициялары молынан келген бірінші ел Қазақстан екенін біз мақтанышпен айтамыз.

Ерекше атап өтетін жайт, «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» деп айдар таққан Президенттің 2004 жылғы халыққа Жолдауының маңызы өте зор. Дербес ел, мемлекет, халық болып әлем елдерінің көшінің соңында жүре бермей, қай жағынан болса да сол елдермен тереземіз тең болу қамына кірісуге шақырды бұл Жолдау. Біз ашық экономика, демократиялық қоғам құру жолындамыз. 170-тен астам әлем елдерімен экономикалық байланыс жасадық. Сөйтіп әлемдегі экономика саласындағы сайысқа, бәсекеге түстік. Ешқандай жайбарақаттықты, баяу жүрісті көтермейтін сайыс. Жедел жүрсең, жедел өзгерсең, соған қоғамды, халқыңды дайындасаң жеңесің, әйтпесе бұрынғыдай көш соңында қаласың. Бұл елдікке, біздің болашағымызға қойылған тарихи сын, әрі тарихи мүмкіндік.

Кезекті Жолдауында Елбасы тек бәсекеге қабілеттілік емес, осы тұрғыдан әлемдегі алдыңғы қатардағы елу елдің қатарына қосылу біздің дамуымыздың басты мақсаты деп көрсетті. Өте маңызды да асқақ мақсат. Әлемдегі барынша қанатын жайған жаһандану үрдісінен басқалар да, біздер де тыс қалмаймыз. Осыдан біздің әлем елдерінде алатын орнымыз осы бәсекеге қабілеттілігіңе байланысты. Экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны тұрақты ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілігіңе байланысты. Егемендіктің 20 жылы ішінде бәсекеге қабілеттілік анықтайтын ең маңызды

көрсеткіштер бойынша әлем елдерінің орташа табысы бар елдердің қатарына қосылдық немесе кейбір көрсеткіштерден олардан да ілгері сатыға көтерілдік. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 12 есе өсті оның қазіргі деңгейімен 180-нен астам әлем елдерінің бел ортасындамыз. Ішкі жалпы өнімнің еліміздегі өсу қарқыны тек бұрын одақтас болған республикалар ғана емес, қазір Оңтүстік Шығыс Азияның «жолбарыстары» атанған Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия елдерінің, олар егемендік алған алғашқы 20 жылдағы өсу қарқынынан жоғары. Бұдан Қазақстан дәл бүгін Орталық Азия «жолбарысы» деген түсінік тумайды, дегенмен болашақта тұрақты да жедел даму арқасында (ол үшін керек жағдайлар жасалып жатыр) олардың қатарына қосылуымыз әбден мүмкін.

2003—2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы заманның осындай өктем талабынан туған еді. Оны орындау ба-рысында ұлттық инновациялық жүйе, технопарктер, даму институттары құрылды. Стратегияны іске асыруда білім мен ғылымды дамытудың, инновациялық технологиялар енгізуге дайындығы мол кәсіпкерлер жасақтаудың маңызы анықталды. Дегенмен, 2003—2007 жылдары Стратегияда көрсетілген іс-шаралар елімізде баяу жүрді, 2008—2009 жылдардағы дүние жүзі экономикасы дағдарысының теріс ықпалы да баяу қимылдың себебі болды. Әлемдік дағдарыстан Қазақстан тиісті қорытынды шығара білді: тек индустриялық-инновациялық технологиялық негізде жаракталған, сондықтан да тиімділігі жоғары экономика қандай да болса дағдарысқа тойтарыс бере алады. Әлемдік дағдарыстан алған негізгі сабақ осы болды. Дағдарыстың себептері Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаласында нақты әрі терең қарастырылған. Дағдарысқа әлемдегі заттай кепілдендірілген нақты ақша массасы мен жалпы айналымдағы ақшаның

арақатынасының алшақтауы және дүниежүзіндегі банк жүйесінің құлдырауы әсер етті. Оның Қазақстандағы банк жүйесі мен құрылыс саласындағы компанияларға да кері әсері болды. Алайда мемлекет басшысының көреген саясатының арқасында біз қаржы дағдарысына басқа елдерге қарағанда біршама дайындықпен келдік. Ең алдымен, экономиканың қан жүгіртуші саласы саналатын қаржы-банк жүйесін құлдыраудан сақтап қалдық. Осы және басқа да дер кезінде атқарылған іс-шаралардың арқасында халқымыз дағдарыс ауыртпалығын аса сезген жоқ. Керісінше, дағдарыс бізді жаңаша ойлауға, экономиканы түбірімен және заманауи жасақтауға, үдемелі индустриялық-инновациялық дамуды қамтамасыз етуге себепкер болды дер едік.

Жаһанды жайлаған дағдарысқа қарсы Қазақстанның шұғыл қолданған шараларының бірі — халықты еңбекпен қамту шаралары. «Жол картасы» шеңберінде 400 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды. 200 мыңнан астам адам қайта даярлаудан өтіп, жаңа мамандықтарға ие болды. Ал биылғы Жолдауында Елбасы «Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын» дайындауды тапсырды. Ол әрбір қазақстандықтың елді ауқымды индустрияландыруға қатысу мүмкіндігін жасауға бағытталып, еңбек нарығының тиімділігін арттыруды басты мақсат етіп отыр. Сондай-ақ «Басты мәселе — масылдықты еңсеру» делінген. Енді жұмыссыздарға жұмыссыз болғаны үшін емес, мамандық алу үшін грант бөлінеді. Мемлекет еңбекке қабілетсіздер мен аз қамтамасыз етілгендерге ғана көмектесуді іске асырады. Бұл өте ұтымды деп ойлаймыз. Еңбекке қабілеті барлар жұмыс істейді, оқиды, бірнеше мамандықты игереді, яғни өмір бойы ізденісте болуға талпынады. Нәтижесінде қоғамның орнықты дамуының ең басты көрсеткіші — халық өмірінің сапасы жақсарады.

Еңбек өнімділігін арттырудың негізгі шарты — инновация. Ол — өсу, өрлеу, дамудың кепілі. Ал инновацияның қозғаушы

күші — ғылым мен білім. Ғылыми зерттеу нәтижесінде білім өндіріледі, білім беру саласы білімді тарату арқылы халықтың сапасын көтереді, халықтың сапасының жақсаруы еңбек өнімділігінің өсуіне әкеледі, қорытындысында ғылыми-инновациялық экономика қалыптасады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының аясында «Өмір бойы оқу» жүйесін қалыптастыру көзделіп отыр. Бұл мемлекет тарапынан жасалып отырған жаңа игілікті істер. —«Өмір бойы оқу» жүйесі көптеген шет елдердің тәжірибесінде кездеседі.

Кейінгі кезде елімізде Қазақстанның болашағы үшін жәй экономика емес, «Ақылды экономика» қажет деген пікір айтылып жүр. Біздің пікірімізше, Ақылды экономика үшін ең алдымен ақылды адам капиталы қажет. Осыған байланысты жоғары білім жүйесіне ерекше міндет жүктеліп отыр. Ол Қазақстанның интеллектуалдық элитасын қалыптастыру жаңа ғылыми идеялар туындауы, сонымен бірге болашақ мамандардың шығармашылық әлеуеті дамуы қажет. Ол үшін білім мен ғылым саласын жаңа сапалық деңгейге көтеруіміз керек. Сонда ғана азаматтарымыздың интеллектуалдық сапасы жақсарып, еңбек өнімділігі артады. Сөйтіп ақыл-ойға негізделген ғылыми-инновациялық немесе ақылды экономика қалыптасады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан елдіктің көптеген көрсеткіштерімен әлем елдерінің бел ортасынан орын алды, ал кейбір өте маңызды салалар бойынша әлем елдерінің алдыңғы қатарына жақындадық.

Елбасы атап көрсеткендей, халықтың әл-ауқаты деңгей жағынан 110 елдің ішінде 50-ші, бизнес қолайлылығы жағынан 183 елдің 59-шы, адам әлеуетінің индексі бойынша 169 елдің 66-шы орнына шықтық.

Ресми деректерге сүйенсек, Тәуелсіз 20 жылдың ішінде Қазақстан экономикасына 136 млрд. АҚШ долларынан астам

шет елдік инвестиция тартылды. Бүгінде осы қаражаттың арқасында елімізде 10 мыңдай компания жұмыс істеп жатыр. Жалпы ішкі өнім адам басына шаққанда көлемі 11 мың долларға жетті. Жұмыссыздық деңгейі 13%-дан 5,3%-ға төмендеді. Алдағы уақытта бұл экономиканың басты мәселесіне айналады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы « Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Егеменді Қазақстан 30 қаңтар 2010 жыл
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Егеменді Қазақстан 29-қаңтар 2011 жыл
3. Назарбаев Н.А. У Казахстана свой путь, свое будущее. Казахстанская правда, 1992 г. 16 декабря
4. Назарбаев Н.А. «Казахстан — 2030 Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех Казахстанцев» Послание народу Казахстана, Алматы 202 г.с. 15
5. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь: от стабильности через модернизацию к процветанию. Казахстанская правда, 2006 г. 16 декабря
6. Сатыбалдин С.С. Қазақстан ғасырлар асуында, Алматы, 2009 ж.
7. Сағадиев К.А. Экономика — елдік тұғыры, Егемен Қазақстан 20-сәуір 2011 жыл.

Қазақстан республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл: тарихи көзқарас

Сейдін Н.Б.

«Биыл біз үшін ерекше қастерлі жыл. Біз ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтудеміз. Бодан жұртты бүгінгідей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық» — Н.Ә. Назарбаев.

Қазақстан Республикасы — азаматтық қоғамға негізделген құқықтық, әлеуметтік, зайырлы, демократиялық мемлекет құруды мұрат тұтқан ел. Әрине, Қазақстанда 70 жылдан астам үстемдік еткен ескі тоталитарлық жүйенің орнына биліктің жаңа құрылымдарын орнату жылдам әрі жеңіл жүзеге аса қойған жоқ. Бұл өте күрделі және ұзақ үдеріс екені адамзат тарихынан белгілі. Елімізде 20 жыл бұрын басталған демократиялық қайта құрулар, саяси жаңарулар нәтижесінде ел болашағы тәуелді еді. Сондықтан да ел болашағына жасалған алғашқы қадам 1991 жылы 24 сәуірде Президент қызметін ендіру туралы шешімнің қабылдануы десек те жаңылыспаспыз. Сүйтіп жоғарыда басталған саясат жаңару Қазақстанның жаңа сапада, яғни тәуелсіз, егеменді мемлекет ретінде дамуын анықтады. Басты мақсат жаңа саяси институттар, құрылымдарды ендіріп қана қою емес, оларды жаңа жағдайда жұмыс жасату болды.

Жаңа мемлекеттің өмірге келуін жаңа жұлдыздың тууына ұқсатуға болады. Азаматтық жолдың жарқын да айқын болып қалыптасуы, әрине, белгілі бір уақытты қажет ететіні заңдылық.

20 жыл адамзат өркениетінің тарихы үшін қас қағым сәт. Бірақ бұл 20 жыл Қазақстан тарихында, күрделі саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге толы аса маңызды кезең, бұл өзгерістер өзінің саны және сапа-

сымен ерекшеленеді. Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылда жеткен жетістіктері алдыңғы баяндамалар мен көптеген статистикалық деректер арқылы өздеріңізге белгілі. Бұл жерде белгілі фактілер мен көрсеткіштерді қайталап жатудың қажеті жоқ шығар. Бірқатар талқылау мен пікір алмасуды қажет ететін маңызды мәселелерге тоқталуды жөн көріп отырмын.

АҚШ-тың үшінші президенті, осы елдің тәуелсіздік декларациясы жобасының авторы Томас Джефферсон: «тарихтың шынайы бөлшегі — қастерлеуді қажет ететін, аса құнды сезім» деп айтқан екен. Ендеше Қазақстан тарихы да өзінің бай тарихи мұрасымен құнды. Қазақстандағы мемлекеттілік тарихының тамыры тереңде жатқаны белгілі. Еуразиядағы ерте мемлекеттердің тарихы көне түріктерден бастау алады. Әлемдік өркениет тарихында Алтын Орданың алатын орны ерекше.

XV ғасырдың екінші жартысында тарихи аренаға Қазақ хандығы шықты. Ол біртіндеп ғасыр соңына қарай Орталық Азия аймағындағы қуатты мемлекеттің біріне айналғандығы өздеріңізге белгілі. Көшпелі Қазақ хандығы өзінің басқа көршілеріне қарағанда дәстүрлі институттары тән орталықтандырылған мемлекет ретінде қалыптасты. Сұлтандардың окшаулануына жол берілмей, дала конституциясы ретінде дәстүрлі әдеттегі (обычное право) құқ қолданылды.

Кез келген мемлекеттік құрылым сияқты қазақтың дәстүрлі институттары да, тарихи кезеңдерде тар жол тайғақ кешуден өткені белгілі, бірақ олардың өз заманына бейімделген, икемді саяси жүйе болғанын мойындауымыз қажет.

XVI ғасырда Қазақ хандығының шекарасы Алтайдан Еділге дейін, Оңтүстік Сібірден Ташкенге дейін созылып жатты. Осы кезеңде өзіне тән элементтері бар қазақ этносы қалыптаса бастады.

Мемлекеттік институттар біртіндеп әлсіреп, XVIII ғасырда Ресей империясының күшейуінің арқасында, оның қол астына өтті. Кеңестік кезеңде мемлекеттік құрылыс институттары қалыптасқанымен, көп жағдайда шолақ немесе декоративті қалыпта болды.

XX ғасырдың 80-90 жылдары тарих сахнасына Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған Қазақстан элитасы шыққан еді. Осыдан барып Қазақстанның сан ғасырлық тарихында жаңа кезең басталды. Мұндағыға дейін кеңестік кезеңнің идеологемасы бойынша қазіргі заман тарихы 1917 жылғы Қазан төңкерісінен басталатын. Бүгінгі күннің көптеген тарихшыларының пікірінше «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» түсінігі 1991 жылдан яғни КСРО-ның күйреуі нәтижесінде мемлекеттілігін қайта жаңғыртқан Қазақстан Республикасының тарихынан бастау алады.

1991 жылдан бастап елімізде мазмұны мен тұжырымдамалық негізі бойынша экономикалық, саяси, әлеуметтік қатынастарда іргелі өзгерістердің болғаны белгілі. Біріншіден, жеке меншікті жоққа шығаратын бұрынғы жүйе келмеске кетсе. Екіншіден, жеке меншік құқының орнауы экономикалық өмірімізді өзгертті, тәуелсіз Қазақстанда нарық заңы қалыптасып, ол өз кезегінде саяси модернизацияның бастамасы ретінде саяси қарым-қатынастың өзгеруіне әкелді. Бұл мәселелер өздігінен қалыптасқан жоқ, керісінше үлкен ерік-жігер мен еңбектің арқасында іске асқаны баршаңызға аян.

Қазақстанның ғана емес, бүкіл посткеңестік кеңістік елдерінің қазіргі заман тарихын Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасынсыз елестету мүмкін емес, бұл тарихи шындық. КСРО мен посткеңестік кеңістіктің негізгі тұлғаларының бірі бола жүріп, Қазақстан басшысы посттоталитарлық қоғамның барлық саласында түбегейлі реформаларға бастап, тың өзгерістер енгізгені, ал бұл жаңартулар

өз кезегінде ТМД мемлекеттерінің модернизациясына тереңнен ықпал етіп, нәтижесінде ғаламдық үдерістерге әсер еткені белгілі.

КСРО-ның күйреуі бір тарихи кезеңнің аяқталып, екіншісінің басталғандығын айғақтайды. Осы кезең шеңберінде, яғни қазіргі заман тарихы кезеңінде егемен еліміздің дамуы орын алуда. Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік символдарымыз бен институттармыз қалыптасып, қайта жанданып, Қазақстан Республикасы әлемдік саясаттың беделді ойыншысына айналды.

Менің ойымша, біз ғалымдар, соңғы 20 жылда болған ғаламдық өзгерістерді әлі де толық талдап, зерделеп болған жоқпыз. Өздеріңізге белгілі, саяси жүйе мен экономикалық тәртіпті қалыптастыру аса көп қиындықты қажет етпейді. Ең күрделілісі әлеуметтің дүниетанымы мен ділін өзгерту. Бұл жерде мәселе ескі символдар мен құндылықтарды ұстануында емес, адамдардың мемлекеттік патернализм мен «мемлекет асырайды» деген ұстанымнан шығуының ұзақтығы. Аталған кезеңде барлық мәселелер шешімін тапты деп айта алмаймыз, бірақ осы тұста Қазақстанда жаңа, білімді топ-менеджерлер, қаржыгерлер мен кәсіпкерлердің ортасы қалыптасты.

Қазақстан қоғамы бастапқыдан ортақ азаматтық қауымдастық құруға бағытталды. Мемлекет өз тарапынан этностық ерекшелігіне қарамастан, мемлекеттің барлық азаматтарына бірдей құқықтар беру, жауапкершілік арту, мүдделерін тоғыстыру, оларға ортақ құндылықтар қалыптастыруға қолайлы шарттар жасады. Бұл мәселелер ҚР Конституциясында, басқа да заңнамалық актілерде айқын көрсетілген. Атап айтсақ, азаматтардың еркін өмір сүруіне, жетілуіне ешқандай шектеу қоймау, дініне, нәсіліне қарамастан барлық адамдарға тең құқық беру Ата Занда қарастырылған. Бұл өз кезегінде саяси және жалпы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз

етуде зор рөл атқарады, барлық Қазақстан азаматтарының мемлекетімізді өркендету, көркейту мақсатында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қызмет етулері үшін жағдай жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

Байқағанымыздай, Қазақстанның даму жолындағы берік ұстанып келе жатқан жолы — жеке адамның өсіп-өнуі мен қоғамның әл-ауқатын арттыру. Қазір бұл бағыт жаңа әлеуметтік саясатқа ұласуда. Аталған мақсаттың жүзеге асуы, өз кезегінде, ішкі қоғамдық-саяси тұрақтылықтың сақталуына тікелей ықпал етеді.

Ендігі кезекте еліміздің алдында ары қарай бүкіл дүниежүзіне қарқынды өркендеп келе жатқан, халықаралық қауымдастықтың абыройлы мүшесі болуға лайықты мемлекет екендігін одан әрі дәлелдей түсу міндеті тұр. Ол үшін мемлекет саяси және әлеуметтік модернизация жүргізу мәселелерін алға тартып отыр.

Еліміздегі күрделі өзгерістердің бірі болып, тәуелсіз Қазақстанда тарихшылардың, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылардың жаңа талдау мектептерінің қалыптасуы мен институционалдануы болып табылады.

Тарихшы ғалымдар, жалпыұлттық маңызды іске белсенді араласуда. Соңғы бірнеше жылда қазақстан тарихы соның ішінде қазіргі заман тарихы бойынша көптеген кітаптар, оқулықтар мен мектеп оқушылары үшін бағдарламалар дайындалып, жарық көруде. Елдің саяси және экономикалық жетістіктері газеттер мен журналдарда үнемі жариялануда.

Жаңа кітаптар жазуда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіздік тарихы мен қазіргі заман тарихына қатысты тың деректер мен тұшымды ойларға толы «Тарих толқынында», «Эпицентр мира», «Сындарлы он жыл», «Қазақстандық жол» кітаптары мен президенттің мақалалары мен баяндамалары үлкен көмек болуда.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздіктің 20 жылдығында егемен Қазақстанның тарих ғылымы өсіп өркендеуде және ел мен мемлекет шешіп келе жатқан мәселелерге толығымен сай деп атап өтсек болады.

Сведения об авторах

Джаманбалаева Ш.Е. — проректор по социальному развитию КазНУ им. аль-Фараби, доктор социологических наук, профессор

Ермекбаева Б.Ж. — декан Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби, кандидат экономических наук, доцент

Сейдин Н.Б. — заведующий отделом социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук

Сейдуманов С.Т. — заместитель акима г. Алматы, доктор социологических наук, профессор

Султанов Б.К. — директор КИСИ при Президенте РК, доктор исторических наук

Шаукенова З.К. — директор Института философии и политологии КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты — мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Қазақстан Президентінің және елдің басқарушы органдарының қызметін ғылыми-талдаулармен қамтамасыз ету.

Осы уақыт барысында ҚСЗИ жоғарыкәсіпті ғылыми-талдау орталығына айналды. Бүгінгі таңда институтта тоғыз ғылым докторы он үш ғылым кандидаттары, саясаттану, тарих, экономика, социология салаларының мамандары қызмет атқарады.

ҚСЗИ қызметі барысында институт сарапшыларының қатысуымен халықаралық қатынас, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 200-ге жуық кітап басып шығарылған. Институт төрт мерзімді ғылыми-сараптамалық журнал басып шығаруда: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы, «Қазақстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы, «Analytic» ақпараттық-талдау журналы және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Бұл басылымдарда сыртқы және ішкі саясат, халықаралық қатынастар, ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық саясаты мәселелері жарық көреді, сондай-ақ материалдарды өзінің www.kisi.kz сайтында жариялайды. ҚСЗИ-дың жеке сайты үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған. .

Институт өзінің негізгі зерттеу бағыттары бойынша семинарлар, ғылыми конференциялар, «дөңгелек үстелдер», халықаралық форумдар өткізеді. ҚСЗИ өткізетін ғылыми форумдардың ішінде шетелдік сарапшылардың ерекше қызығушылықтарын тудыратыны — 2003 жылдан дәстүрлі өтіп келе жатқан, Орталық Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік мәселелеріне арналған Алматы конференциясы. ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстаннан ғана емес, сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің, Ресейдің, Қытайдың, Германияның, Францияның, Үндістанның, Иранның, Түркияның, Пәкістанның, Жапонияның және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысуда.

ҚСЗИ негізінде Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарының студенттері мен шетелдік сарапшылар үнемі тәжірибеден өтіп отырады.

Бүгінгі таңда институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсулері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы,
Достық даңғылы, 87«б»
Тел.: +7 (727) 264-34-04
Факс: +7 (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
<http://www.kisi.kz>

**Информация о Казахском институте
стратегических исследований
при Президенте Республики Казахстан**

Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан (КИСИ) был создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 г.

С момента своего возникновения основной задачей Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан как государственного научно-исследовательского учреждения является научно-аналитическое обеспечение деятельности Президента Казахстана, руководящих органов страны.

За это время КИСИ превратился в высокопрофессиональный научно-аналитический центр. В настоящее время в институте работают 9 докторов наук, тринадцать кандидатов наук, специалисты в области политологии, истории, экономики, социологии.

За время существования КИСИ экспертами института издано около 200 книг по международным отношениям, проблемам глобальной и региональной безопасности. Институтом издаются четыре журнала: «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), «Казахстан-Спектр», «Analytic» (на русском языке), «Central Asia's Affairs» (на английском языке). КИСИ располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском.

В КИСИ ежегодно проводится большое количество международных научных конференций, семинаров, «круглых столов». Особый интерес у зарубежных экспертов вызывают ежегодные конференции КИСИ, проводимые с 2003 г. и посвященные проблемам безопасности и сотрудничества в Центральной Азии. В научных форумах КИСИ принимают участие не только эксперты из Казахстана и стран Центральной Азии, но и ученые

из России, Китая, Германии, Франции, Индии, Ирана, Турции, Пакистана, Японии и других стран.

На базе КИСИ постоянно проходят стажировку и преддипломную практику студенты ведущих казахстанских высших учебных заведений, а также зарубежные эксперты.

В настоящее время в институте созданы необходимые условия для профессионального и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию о КИСИ можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010, Алматы,
пр. Достык, 87^{«б»}
Тел.: +7 (727) 264-34-04
Факс: +7 (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
<http://www.kisi.kz>

**Information about the Kazakhstan Institute
for Strategic Studies under
the President of the Republic of Kazakhstan**

Contact us for any further information:
The Dostyk Avenue, 87 'b'
050010, Almaty
Republic of Kazakhstan
Tel: +7 (727) 264-34-04
Fax.: +7 (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
<http://www.kisi.kz>

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan (KazISS) was established on June 16, 1993 by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan.

Since its foundation the main mission of the KazISS as the national research institution is to provide analytical support to the President of the Republic of Kazakhstan

The KazISS enjoys a reputation of the leading think tank of Kazakhstan as it employs a highly professional pool of experts; at present it includes nine doctors and thirteen candidates of sciences, who specialize in political science, history, economics and sociology.

The KazISS have published more than 200 books on international relations, global and regional security, economics and politics. The Institute is publishing four journals: the Kogam jane Dayir in Kazakh, the Kazakhstan-Spectrum, and the Analytic in Russian, the Central Asia's Affairs in English. The KazISS has a trilingual website.

The KazISS holds a great number of international conferences, seminars and round tables, including the Annual Conferences (regularly held since 2003) on the issues security and cooperation in Central Asia.

The KazISS is the basis for both professional practice work of students from the leading Kazakhstan universities and fellowship of the experts representing foreign research institutions.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты 1958 жылғы Философия және құқық институтының және 1991 жылғы Философия институтының негізінде 1999 жылдың ақпан айында құрылды.

Өзінің пайда болған сәтінен мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретіндегі Философия және саясаттану институтының негізгі міндеті Қазақстан Республикасының әлеуметтік, саяси және мәдени прогресі үшін рухани-адамгершілік және философиялық мәдениетті түлету міндетін шешуге бағытталған іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу болып табылды.

Сол уақыттан бері Институт жоғары кәсіби ғылыми-зерттеушілік орталыққа айналды. Қазіргі кезде Институтта әлемдік философия тарихы, әлеуметтік философия, онтология және гносеология, мәдени антропология, ғылым және техника философиясы, саясаттану, әлеуметтану, дінтану салаларындағы мамандар, 20 ғылым докторлары, 17 ғылым кандидаттары жұмыс істейді.

Институт қызметкерлері жыл сайын қазақстандық қоғам трансформациясының өзекті әлеуметтік-философиялық және философиялық-саяси мәселелері бойынша, саясат, құқық, ғылым, білім беру, мәдениет, қазақ және әлемдік философия және т.б. философиялық-әдіснамалық мәселелері бойынша ондаған монографиялар мен жүздеген ғылыми мақалалар жариялайды. Институт қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдарының сапасы олардың ғылыми мақалаларының таяу және алыс шетелдердің рейтингтік журналдарындағы сұраныспен айқындалады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде Институт «Шығыс Аристотелі» - әл-Фарабидің онтомдық шығармалар жинағын, жиырмамыншы «Әлемдік философиялық

мұраны», жиырмамыншы «қазақ халқының философиялық мұрасын» және басқа да кітаптарды баспадан шығарды.

Институт екі журнал шығарады: «Адам әлемі - Мир Человека» и «әл-Фараби» (қазақ және орыс тілдерінде). Журнал беттерінен қазақстандық авторлардан басқа шетелдік зерттеушілердің жұмыстарын оқуға болады. Сондай-ақ Институт қызметінің бүкіл ғылыми шоғырын көрсететін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі Институттың өз сайты бар.

Философия және саясаттану институты үнемі халықаралық ғылыми конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер» өткізіп тұрады. Институттың өткізетін бұл ғылыми іс-шараларына тек қазақстандық жетекші философтар мен саясаттанушылар ғана емес, Ресейдің, Қытайдың, Германияның, АҚШ-ң, Түркияның, Францияның Ұлыбританияның, Иранның, Әзірбайжанның, Өзбекстанның, Тәжікстанның, Қырғызстанның, Беларустің және басқа да елдердің ғалымдары қатысады.

Философия және саясаттану институтының базасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылайхан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, ҚазКЖҚҚА және т.б. тәрізді басты қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері стажировка мен диплом алдындағы практикасын өткізеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми тұрғыда өсуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Философия және саясаттану институты туралы анағұрлым кең ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы,
Құрманғазы көшесі, 29 (3 қабат)
Тел.: +7(727) 272-59-10
Факс.: +7(727) 272-59-10
E-mail: iphp@inbox.ru
<http://iph.kz>

Информация об Институте философии и политологии Комитета науки МОН РК

Институт философии и политологии Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан был образован в феврале 1999 года на базе созданных в 1958 году Института философии и права и в 1991 году — Института философии.

С момента своего возникновения основной задачей Института философии и политологии как государственного научно-исследовательского учреждения является разработка фундаментальных и прикладных исследований, направленных на решение задачи возрождения духовно-нравственной и философской культуры, социального, политического и культурного прогресса Республики Казахстан.

За это время Институт превратился в высокопрофессиональный научно-исследовательский центр. В настоящее время в нем работают 20 докторов наук, 17 кандидатов наук, специалистов в области истории мировой философии, социальной философии, онтологии и гносеологии, культурной антропологии, философии науки и техники, политологии, социологии, религиоведения.

Ежегодно сотрудниками института издаются десятки монографий и сотни научных статей по актуальным социально-философским и философско-политическим проблемам трансформации казахстанского общества, философско-методологическим проблемам политики, права, науки, образования, культуры, казахской и мировой философии и т. д. Качество научных публикаций сотрудников института определяется востребованностью научных статей в рейтинговых журналах ближнего и дальнего зарубежья.

В рамках государственной программы «Культурное наследие» институтом издано 10-томное собрание сочинений Аристотеля Востока — аль-Фараби, 20-томное «Мировое философ

ское наследие», 20-томное «Философское наследие казахского народа» и другие книги.

Институтом издаются два журнала: «Адам әлемі — Мир человека» и «Аль-Фараби» (на русском и казахском языках). Помимо казахстанских авторов в журналах публикуются работы исследователей зарубежных стран. Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском, в котором представлен весь научный спектр деятельности института.

Институт философии и политологии регулярно проводит международные научные конференции, семинары, «круглые столы». В научных мероприятиях института принимают участие не только ведущие казахстанские философы и политологи, но и ученые из России, Китая, Германии, США, Турции, Франции, Великобритании, Ирана, Азербайджана, Узбекистана, Таджикистана, Кыргызстана, Белоруссии и других стран.

На базе Института философии и политологии проходят стажировку и преддипломную практику студенты ведущих казахстанских высших учебных заведений, таких как КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, КазУМОиМЯ им. Абылайхана, КазАТиСО и др.

В институте созданы все необходимые условия для профессиональной работы и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию об Институте философии и политологии можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010., Алматы,
ул. Курмангазы, 29 (3-й этаж)
Тел.: +7(727) 272-59-10
Факс.: +7(727) 272-59-10
E-mail: iphp@inbox.ru
<http://iph.kz>

Для заметок

Для заметок

Научное издание

**НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН:
НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ**

Сборник материалов научно-практической конференции
г. Алматы, 7 декабря 2011 г.

Сборник материалов научно-практической конференции издан
в авторской редакции

Дизайн обложки **Е.В. Игнатенко**
Верстка **Е.В. Игнатенко**

Подписано в печать 04.11.2011. Формат 60x90 1/16.
Бумага офсетная. Печать офсетная. Печ. л. 4,25.
Тираж 500 экз.

Казахстанский институт стратегических исследований
при Президенте Республики Казахстан
050010, Алматы, пр. Достык, 87 «б»

Отпечатано в типографии ГКП «Алматы Жарнама»
г. Алматы